

**6D080100 - «Агрономия» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Сембаева Айзада Сансызбаевнаның «Тамшылатып суаруды қолдана
отырып дәндік жүгерінің интенсивті будандарын өсіруде суару және минералды заттармен қоректену режимдерін оңтайландыру»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ресми рецензенттің пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) <u>диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u> 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс келесі ғылыми-техникалық бағдарламалар аясында жүргізілген: - Мемлекеттік тіркеу №0118РК01213, ЖТН BR06349590, бағдарлама шифрі О.0869, «Нақты егіншілікті іске асыру үшін инновациялық агротехнологиялық парк құру» ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша «Нақты егіншілік жүйесінде жетекші егістік дақылдарды өсірудің ғылымды қажетсінетін технологияларын енгізу. Жоғары өнімді ауыл шаруашылығы дақылдарының трансферті және бейімделуі», 2018-2020 жылдары жүргізілген ҚР АШМ қаржыландыруы аясында; - Мемлекеттік тіркеу №0121РК00781, ЖТН BR10764908, бағдарлама шифрі О.0990, «Қазақстан өңірлері үшін өсірудің әртүрлі технологияларын салыстырмалы зерттеу негізінде өсіру технологиясының элементтерін, сараланған қоректендіруді, өсімдіктерді қорғау құралдарын және рентабельді өндіруге арналған техниканы қолдана отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарын (дәнді, дәнді бұршақты, майлы және техникалық дақылдарды) өсірудің егіншілік жүйесін әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша «Қазақстанда суармалы жер көлемін 3,0 млн. гектарға дейін ұлғайтуды ескере отырып, суармалы жерлерде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсынымдар әзірлеу», 2021-2023

			жылдары жүргізілген ҚР АШМ қаржыландыруы аясында жүргізілген.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс аграрлық ғылымға өз үлесін қосады және оның маңыздылығы толыққанды ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторант Сембаева А.С. диссертациялық жұмысы жоғары деңгейде, түсінікті орындалған. Жазу стилінен автордың өзіндік еңбегі екені еш күмән тудырмайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген;	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі ғылыми тұрғыдан негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың алға қойған мақсаты оның тақырыбынан туындаған. Мақсатқа байланысты нақты міндеттер қойылған. Нәтижесінде материалдар жиналып, жұмысты ғылыми-тәжірибелік негізде қорытындылап, өндіріске ұсыныстар жасалған.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымдары бір – бірімен логикалық тұрғыда толық байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар;	Автор жұмысты орындау барысында жинаған материалдарын жүйелеп, оларды ғылыми негізбен дәлелдеген және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра бағалап өз пікірін нақтылаған. Нәтижесінде

		2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	қорытындылар жасап, өндіріске бағалы ұсыныстар жасаған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу барысында жинақталған ғылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа болып табылады және өндіріс сұранысын қанағаттандырады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда жасалынған қорытындылар толығымен жаңа және олар ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен авторлық патентімен бекітілген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Ғылыми еңбекте жасалған барлық негізгі қорытындылар шынайы нәтижелерге негізделген және орынды дәлелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. 7.2 Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарған қағидаттары тривиалды емес. 7.3 Негізгі қорғалатын қағидаттар жаңа болып табылады. 7.4 Ғылыми жұмыстың қолдану аясы кең. 7.5 Жұмыстың негізгі нәтижелері ғылыми мақалалармен және ҚР пайдалы моделіне патентімен дәлелденген.

		7.2 Тривиалды ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда мақалада ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістемені таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>.	Иә. Әдістеме таңдауы негізделген. Әдістеме нақтылы жазылуы аясында дұрыс әдістеме жасалынып, нәтижесінде алға қойылған мақсат орындалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u>; 2) <u>жоқ</u>.	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып жасалынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер,	Иә. Алынған қорытындылар, анықталған өзара

		анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	байланыстар және заңдылықтар эксперименттік (зертханалық және егістіктік) зерттеулермен дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған /ішінара расталған/ расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ізденуші еңбегінде 163 отандық және шетел ғалымдарының еңбектеріне сілтемелер жасаған.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Диссертацияның теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Иә. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелер еліміздің жүгері өсіретін аймақтарындағы шаруашылықтарда сұранысқа ие.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u> ; 3) <u>жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</u> .	Автордың зерттеу нәтижелері негізінде жасалынған ұсыныстары толығымен жаңа.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) <u>орташа</u> ; 3) <u>орташадан төмен</u> ; 4) <u>төмен</u> .	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация жазудың ережелері мен талаптарына сәйкес рәсімделген.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертация жұмысы бойынша алынған қорытындылар жұмыстың міндеттері бойынша реттеліп қойылса дұрыс болар еді.	

		Көрсетілген ескерту диссертациялық жұмыстың құндылығын төмендетпейді және оңай жөнделеді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді	Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары. Диссертация мәліметтері бойынша жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда 10 мақала түрінде жарық көрген. Оның ішінде: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда - 3 мақала, Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында және ғылыми журналдарда - 4 мақала, Scopus дерекқорына кіретін 3 мақала жарияланған, оның ішінде: SABRAO Journal of Breeding and Genetics (59 процентиль, Q3) журналдарында - 2 мақала және Food Science and Technology (58 процентиль, Q3) журналында - 1 мақала. 1 монографияның тең авторы болып табылады және 1 пайдалы модельге патент алынған. Аталған ғылыми еңбектер арқылы диссертация тақырыбын толық айқындап көрсете білген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Сембаева Айзада Сансызбаевнаның 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Тамшылатып суаруды қолдана отырып дәндік жүгерінің интенсивті будандарын өсіруде суару және минералды заттармен қоректену режимдерін оңтайландыру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми еңбек. Жұмыс жоғары деңгейде орындалған. Алынған ғылыми нәтижелердің тәжірибелік маңызы зор. Ресми рецензенттің шешімі: Диссертациялық жұмысқа жоғары баға беруге болады, ал оның авторы 6D080100 – «Агрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

«Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ-ның
қауымдастырылған профессоры,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
ҚР ҰАҒА корреспондент-мүшесі

Р.Е. Нургазиевтың қолын растаймын,
«Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ-ның
кадр бөлімінің инспекторы



Р.Е. Нургазиев

М.А. Шакиева

